



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

19.06.2024 ж.

№ 32, 6-т.

**«Кәсіподақтың үздік құқықтық еңбек инспекторы» және «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» Ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Кәсіподақтың құқықтық еңбек инспекторлары мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлары арасында өткізілетін салалық кәсіподақ конкурстарын одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару Комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Төмендегілер жаңа редакцияда бекітілсін:

- «Кәсіподақтың үздік құқықтық еңбек инспекторы» байқауы туралы Ережеге 2-қосымша «Құқықтық еңбек инспекторы жұмысының нәтижелері туралы мәліметтер»;

- «Кәсіподақтың үздік құқықтық еңбек инспекторы» байқауы туралы Ережеге 3-қосымша «Бағалау парағы».

- «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» байқауы туралы Ереженің №1 қосымшасы «Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың жұмыс көрсеткіштерінің кестесі».

- «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» байқауы туралы Ереженің 11-тармағын «...мүшелік ұйымның конкурстық комиссиясының хаттамасына сәйкес» сөз тіркесімен толықтыру.

- «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» байқауы туралы Ереженің 27-тармағын «Байқау жеңімпаздарының жұмыс тәжірибелері Кәсіподақтың құрылымдарында таратылады.» сөйлемімен толықтыру.

2. Кәсіподақтың Орталық Комитеті Аппаратының Құқықтық жұмыс, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлімі Конкурстарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды мүшелік ұйымдарға жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ Төрағасының Орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

**Төраға**



**А. Мұқашева**